**Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық құм-қиыршықтас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсер ету туралы есеп жобасына ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар**

# ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: *"Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ.*

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: *Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық құм-қиыршықтас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсер ету туралы есеп жобасы.*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: *Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі, "Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу* басқармасы" КММ-і.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: *Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл а.о., Бесжылдық құм-қиыршықтас кен орны, географиялық координаттары: 43° 1′54", 71° 18′ 28".*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: *Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі, Шәкен Ниязбеков а.*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: *«Таласстроймат» ЖШС-і, мекен-жай: г.Тараз қ., Жібек жолы а., Абылай хан қиылысы 4, 24А, БСН 131140015298, тел.: 87010523043, Talasstroimat2025@mail.ru.*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: *ЖК Сыдыкова Нуржамал, мекен-жайы: ҚР, Шымкент*

*қ., Қ.Төлеметов, көш. 69/37-35, тел: 87014438900, e-mail: nurzhamal-sydyko@mail.ru.*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): *03.09.2025 жылы сағат 16:00 де, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Шәкен Ниязбеков а., Ж.Жантеліұлы көш. 25А (Ә.Ысмайлов атындағы ОМ ғимараты).*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі

Көзделіп отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі қоғамдық тыңдау хаттамасына **1-қосымша.**

Жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі **2-қосымша.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі - Тіркеу парағы қоғамдық тыңдау хаттамасына **3-қосымша**.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

*1)Жоба бойынша құжаттамалар Бірыңғай экологиялық порталда https://ndbecology.gov.kz/ орналастырылған.*

*2) Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурстарында «Қоғамдық тыңдаулар» айдарында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk орналастырылған.*

*Бұқаралық ақпарат құралдары **4-қосымша**:*

*3) 30.07.2025 ж. №59 (6494) «Шұғыла-Радуга» аудандық қоғамдық-саяси газетінде хабарландырулар орналастырылды.*

*4) 2025 жылдың 29-30 шілде күндері «Тараз-24» телеарнасының жүгіртпе жолында хабарландыру орналастырылды.*

*5) Жамбыл ауылдық округі аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Шәкен Ниязбеков а., Ж.Жантеліұлы көш. 25А (Ә.Ысмайлов атындағы ОМ ғимараты) мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру ілінген. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.*

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Хатшы ретінде бір ауыздан Рахманберді Н., сайланды: "қолдаймын"- 12, "қарсымын"- 0 , "қалыс қаламын- 0 ".

Қоғамдық тыңдаудың регламенті қатысушылармен бірге бір ауыздан бекітілді: "қолдаймын"- 12 , "қарсымын"- 0 , "қалыс қаламын-0 ".
Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық құм-қиыршықтас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсер ету туралы есеп жобасымен танысу- *ұсынылған ереже 10 минут.* Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін айта алады - *ұсынылған ереже 15 минут.* Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу - *ұсынылған ереже 5 минут.*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: *Сыдыкова Н.А.- жобалаушы. Баяндаманың тақырыбы: Жамбыл облысы Жамбыл ауданындағы Бесжылдық құм-қиыршықтас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған ықтимал әсер ету туралы есеп жобасы. Баяндаманың мәтіні 3-парақта* **5-қосымшада**.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Ықтимал әсер ету туралы есеп жобасына ауыл тұрғындары бір ауыздан қолдау білдірді. Тұрғындар тарапынан қауіпсіздік шараларын ескеру және кен орны аумағын қоқыстардан таза ұстау ұсыныстары берілді.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17.Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Жамбыл ауд әкімі.
(Лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Абетаев Р.Д.Б. ______ 03.09.2025 ж.
(Аты-жөні) (қолы)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: статист.
(Лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы)

Рахманберді ______ 03.09.2025 ж.
(Аты-жөні) (қолы)

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| т/а № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | *Орынтаев Б., ауыл тұрғыны:* Бетіндегі вскрышаны арнайы алаңшаға жинап қоясыздарма?<br>2034 жылы кен орынды игеру аяқталса, сонымен кенді өндіру жұмысы тоқтай ма әлде ары қарай істей бересіздер ма?<br>Қазылған жерлер тегістеледі ме?<br>Содан кейін, кен орында жұмыс жасайтын тасымалдаушы техникалар қай жақпен жүретін болады?<br>Жұмысшыларды осы ауылдан аласыздарма ма?<br>Игерілген тасты жол құрылысына пайдаланасыздар ма? | *«ТаласСтроймат» ЖШС-нің басшысы Айдосов Бек:*<br>Ия, арнайы алаңға жиналатын болады.<br>Ары қарайда жұмыс жасауға мүмкіншілік болса жалғастырамыз.<br>Ол, рекультивация, қазу жұмыстары, жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігіне сай жасалынатын болады.<br>Жүк көліктері айналма жол, Батыс-Қытай тас жолы арқылы жүретін болады, егер ауыл ішімен өтсе бізге де қолайсыз әрі қиындық тудыруы мүмкін.<br>Құдай қаласа, егер мамандар болса, жұмысшыны міндетті түрде жергілікті халық арасынан аламыз.<br>Ия, жол салуға пайдаланатын боламыз.<br>«ТаласСтроймат» ЖШС-і осы ауданға тіркелетін болады, салық жергілікті бюджетке төленетін болады. | Алынды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | *Ауыл тұрғыны:* Ауылдан кен орынға дейін қанша км? | *«ТаласСтроймат» ЖШС-нің басшысы Айдосов Бек:* Егер трассамен жүрсе 6-7 км шығады, тікелей есептесе 2,87 км. | Алынды |
| 3 | *Орынтаев Б.,* Кен орын аумағында канал бар, сіздер, сол канал жағасындағы жолмен жүресіздер ме? | *«ТаласСтроймат» ЖШС-нің басшысы Айдосов Бек:* Ия, сол жолмен өтетін боламыз, ол жолды ең алдымен жақсылап жөндеп сол жолдан трассаға шығатын боламыз | |
| 3 | *Шыныбаев Е., ауыл тұрғыны:* Бізге ең бастысы таза болса, кен орынның қазу тереңдігі қатты терең болып, қауіпті болмаса болды, 14-15 м оңай тереңдік емес, өйткені ол жерде ауыл тұрғындары түнделетіп мал іздейтін жер, сондықтан қауіпсіздік шараларын алдын ала қамтысаңыздар деген ұсыныс біздікі | *«ТаласСтроймат» ЖШС-нің басшысы Айдосов Бек:* Қазу жұмыстары айтарлықтай 15 м тереңдікке жетпейді, жою қорына мекеме тарапынан белгіленген қаржы аударылып, кейін сол қаржыға рекультивация жасалынатын болады. | Алынды |

**1-қосымша**
**жоспарланған бастамашыдан сұрау**
**хатының көшірмесі**

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25262931001, Дата: 29/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Жамбылская область, Жамбылский район, Жамбылский с.о., с.Бесжилдык

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Жамбылский район, с. Шакен Ниязбекова

Предмет общественных слушаний: Проект «Отчет о возможных воздействиях» для Плана горных работ на разработку Бесжилдыкского месторождения песчано-гравийной смеси в Жамбылском районе Жамбылской области

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Жамбылский район, Жамбылский с.о., 03/09/2025 16:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (287 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Шұғыла Радуга ; Тараз 24

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Жамбылская область, Жамбылский район, Жамбылский с.о., с. Шакен Ниязбекова, ул. Ж.Жантелиулы, 25А, (здание СШ им. А.Исмайлова)

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

""ТаласСтройМат"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 131140015298), +7(701)-052-30-43, talasstroimat2025@mail.ru, ndbecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях : ИП Сыдыкова Н.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**2-қосымша**

**ЖАО жауап хатының көшірмесі**

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25262931001, Дата: 30/07/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25262931001, от 29/07/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проект «Отчет о возможных воздействиях» для Плана горных работ на разработку Бесжилдыкского месторождения песчано-гравийной смеси в Жамбылском районе Жамбылской области, в предлагаемую Вами 03/09/2025 16:00, Жамбылская область, Жамбылский район, Жамбылский с.о.(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

""ТаласСтройМат"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 131140015298), +7(701)-052-30-43, talasstroimat2025@mail.ru, ndbecology.gov.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ИП Сыдыкова Н.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

3-қосымша
Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
03 қыркүйек 2025 жыл

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Сейдилдаев Жеңіс | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 2 | Оразтаев Болат | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 3 | Темирбеков Қуат | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 4 | Колбаев Байқадам | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 5 | Шанабаев Ерғазы | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 6 | Сейдилдаев Нұржан | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 7. | Хантау а/о әкім. Алежанов | а/о әкімі | 87057977995. | жеке | |
| 8. | Турмантаева Дана. | ТаласСтрой Маз маман | 8701 052 30 43 | жеке | |
| 9 | Айдосов Бек | ТаласСтрой Маз басш. | – | жеке | |
| 10 | Малтықбай Жанибек | ауыл тұрғыны | – | жеке | |
| 11 | Рахманберді Назерке. | стетист | 8705 227 57 31 | жеке | |
| 12 | Сыдыкова Н. А. | бағалаушы жалақ | 8701 443 89 00 | жеке | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

**Еңбек жағдайын жақсарту еңбек қауіпсіздігін жоғарылатып, сапасын және өнімділігін арттырады. Кәсіпкерлер бар күшін жазатайым оқиғалар мен кәсіби сырқаттарды болдырмау үшін салу керек. Жұмыс орындарында қауіп-қатерлерді болдырмау олардың маңызды мәселесі болып табылады.**



Еңбек жағдайы мен қауіпсіздігі мемлекеттік органдардың өкілі, жұмыс берушілер немесе қызметкерлер болса да, бірлесіп қызмет еткен адамдарға байланысты болады. Жазатайым оқиғаны болдырмау мақсатында жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасын басқару және бақылау, үйлестіру, жоспарлау, шешетін мәселесі бар учаскелерді анықтау сияқты функцияларды жүзеге асыру қауіпсіздікті басқару дегенді білдіреді.

Бірақ, қазіргі таңда республикамыздың көптеген кәсіпорындары мен ұйымдарында қауіпсіздікті тиімді басқару мен еңбек гигиенасын сақтау жүйесі жасалмаған. Осыған және басқа да мәселелерге байланысты жыл сайын Қазақстан Республикасында 2,5 мың әйел және ер азамат еңбек қызметіне қатысты жазатайым оқиғаның құрбаны болып отыр.

Өндірістік жарақаттар мен қызметкердің денсаулығына еңбек міндеттерін атқарумен байланысты келтірілген өзге де зақымданулар не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша еңбекке қабілетсіздігіне не өлімге әкеп соққан басқа да әрекеттер жасалған жазатайым оқиғалар тексеріліп, есепке алынады.

Тергеп-тексеру барысында жарақаттар мен зақымданулардың:

1) зардап шеккен адамның өз бастамасы бойынша жұмыстарды немесе өзге де іс-әрекеттерді функционалдық міндеттеріне кірмейтін және жұмыс берушінің мүддесімен байланысты емес, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істеу кезінде ауысымаралық демалыс және тынығу мен тамақтануға арналған кезеңде, сондай-ақ алкогольдік мас болу, уытты және есірткі заттарды (олардың аналогын) пайдалану күйіне байланысты себеппен орындаған кезде;

2) өз денсаулығына қасақана (әдейі) зиян келтіру нәтижесінде немесе зардап шеккен адам қылмыс жасаған кезде;

3) зардап шеккен адам денсаулығының медициналық қорытындымен расталған, қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлардың әсерімен байланысты емес кенеттен нашарлауынан болғаны нақты анықталса, олар өндірістік жарақаттар және қызметкерлер денсаулығының өндірістегі өзге де зақымданулары ретінде ресімделмейді.

4) Әрбір жазатайым оқиға туралы зардап шеккен немесе оны көрген адам жұмыс берушіге немесе жұмыстарды ұйымдастырушыға дереу хабарлауға міндетті.

5) Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыруға, ресімдеуге және тіркеуге жұмыс беруші жауапты болады.

Арнайы тергеп-тексерілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жазатайым оқиға болған кезден бастап жұмыс берушінің актісімен жиырма төрт сағат ішінде құрылатын, мынадай құрамдағы комиссия жүргізеді:

төраға – ұйымның (өндірістік қызметтің) басшысы немесе оның орынбасары;

мүшелері – ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің басшысы және қызметкерлердің өкілі.

Жазатайым оқиға болған тиісті учаскедегі еңбек қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін лауазымды адам тергеп-тексеруді жүргізу кезінде комиссия құрамына енгізілмейді.

Жазатайым оқиға болған жердегі тиісті учаскеде еңбек қауіпсіздігіне жауапты лауазымды тұлға тексеріс комиссиясы құрамына кірмейді.

Жұмыс берушінің – жеке тұлғаның өндірісіндегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруге жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі, қызметкерлердің өкілі, жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруге шарт негізінде де шақырылуы мүмкін еңбекті қорғау жөніндегі маман қатысады. Қатерлі улану жағдайында комиссияның тергеп-тексеруіне халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілдері қатысады. Комиссияның жұмысына жұмыс берушімен немесе зардап шеккен адаммен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымының өкілі қатысуға құқылы. Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру мерзімі комиссия құрылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Өндірістік практикадан өтіп жүрген, жалпы білім беретін, кәсіптік мектептерде және жоғары оқу орындарында оқитын адамдар жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді жұмыс берушінің және зардап шеккен адам өкілінің қатысуымен өз аумағында оқиға болған ұйымның басшысы құратын комиссия жүргізеді. Басқа ұйымның аумағында орналасып, жұмыс жүргізіп жатқан ұйымның қызметкері немесе өндірістік тапсырманы (қызметтік немесе шарттық міндеттерді) орындау үшін басқа ұйымға жіберілген қызметкер ұшыраған жазатайым оқиғаны тергеп-тексеруді аумағында жазатайым оқиға болған ұйымның жауапты өкілінің қатысуымен жұмыс берушінің өзі жүргізеді. Қызметкер қоса атқаратын жұмысын орындау кезінде жазатайым оқиғаны жұмыс өз аумағында немесе соның тапсырмасы бойынша жүргізілген жұмыс беруші тергеп-тексереді және есепке алады. Әрбір өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде комиссия оқиға куәгерлерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың бұзылуына жол берген адамдарды анықтайды және олардан жауап алады, жұмыс берушіден қажетті ақпарат және мүмкін болса, зардап шеккен адамнан түсініктеме алады. Жиналған құжаттар мен материалдар негізінде комиссия жазатайым оқиғаның мән-жайлары мен себептерін анықтайды, жазатайым оқиғаның жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысын және тиісінше, зардап шеккен адамға оқиға орнында өзінің еңбек міндеттерін орындауына байланысты болуы түсіндірілгенін анықтайды, жазатайым оқиғаны өндірістегі жазатайым оқиға ретінде немесе өндіріспен байланысты емес жазатайым оқиға ретінде саралайды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуына жол берген адамдарды анықтап, өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептерін жою және алдын алу жөніндегі шараларды белгілейді.

Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына әкеп соққан өндіріспен байланысты әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға (ұсынымға) сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жазатайым оқиға туралы актімен қажетті данасы жасалып (әрбір зардап шеккен адамға жеке-жеке) ресімделеді.

Жазатайым оқиға туралы акт толтырылып, оған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің және ұйым бөлімшесінің басшылары, сондай-ақ ұйым қызметкерлерінің өкілдері қол қояды және оны жұмыс беруші бекітіп, ұйымның мөрімен расталады.

Улану жағдайларында жазатайым оқиға туралы актіге халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі де қол қояды.

Егер жұмыс беруші жеке тұлға болса, жазатайым оқиға туралы акт толтырылып, оған жұмыс беруші қол қояды және нотариалды түрде расталады. Акт тергеп-тексеру материалдарына сәйкес ресімделуге тиіс.

Егер өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру кезінде комиссия зиянның туындауына немесе ұлғаюына өрескел абайсыздық себеп болғанын анықтаса, онда комиссия тараптардың аралас жауапкершілігін қолданып, қызметкер мен жұмыс берушінің кінәсін процентпен айқындайды.

Егер жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның бір мүшесі комиссияның (көпшіліктің) қорытындысымен келіспейтін болса, ол өзінің дәлелді пікірін тергеп-тексеру материалына қосу үшін жазбаша түрде ұсынады. Ол арнайы тергеп-тексеру актісіне «ерекше пікірге қара» деген сілтеме жаза отырып, қол қояды.

Әрбір жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін жұмыс беруші үш күннен кешіктірмей зардап шеккен адамға немесе оның сенімді адамына жазатайым оқиға туралы актіні беруге міндетті, актінің бір данасы жұмыс берушімен тиісті шарттық қатынастары бар сақтандыру ұйымына, ал екіншісі мемлекеттік еңбек инспекциясына қағаз және электронды жеткізгіште жіберіледі.

Улану жағдайында актінің көшірмесі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға да жіберіледі.

Жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, ресімдеу және тіркеу мәселелері бойынша жұмыс берушінің, қызметкердің және мемлекеттік еңбек инспекторының не қауіпті өндірістік объектілерде болған оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың арасында туындаған келіспеушіліктерді тиісті жоғары тұрған бас мемлекеттік еңбек инспекторы бағыныштылық тәртіппен қарайды және (немесе) сот тәртібімен қаралады.

Жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары ұйымда қырық бес жыл бойы сақталуға тиіс, ұйым таратылған жағдайда жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдары міндетті түрде сол ұйым жұмыс істеген жердегі мемлекеттік мұрағатқа тапсырылуға тиіс.

Өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру материалдарында тергеп-тексеру актісімен қатар:

1) зардап шеккен адамның еңбекті қорғау жөнінде оқығаны және нұсқама алғаны, сондай-ақ алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерден өткені туралы мәліметтер;

2) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша жауап алу хаттамалары және оқиға куәгерлерінің, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуына жауапты лауазымды адамдардың түсініктемелері;

3) оқиға болған жердің жоспарлары, схемалары мен фотосуреттері;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтардан, ережелерден, бұйрықтардан және басқа да актілерден үзінді көшірмелер, өндірістегі салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың міндеттері және басқалар;

5) зардап шеккен адамның денсаулығына келтірілген зақымның сипаты мен ауырлығы (өлімге әкеп соққан себеп) туралы медициналық қорытынды;

6) зертханалық және басқа зерттеулердің, эксперименттердің, сараптамалардың, талдаулардың нәтижелері және тағы сол сияқтылар;

7) бас мемлекеттік еңбек инспекторының қорытындысы (егер бар болса);

8) жұмыс берушіге келтірілген материалдық залал туралы мәліметтер;

9) жұмыс берушінің зардап шеккен адамға (отбасы мүшелеріне) оның денсаулығына келтірілген зиянды өтеу және жол берілген оқиғаға кінәлі лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы бұйрығы;

10) қоса берілетін құжаттардың тізбесі болуға тиіс.

Зардап шеккен адам немесе қызметкерлердің өкілі жазатайым оқиғаны тергеп-тексерудің бүкіл материалдарымен танысуға және қажетті үзінді көшірмелер жасауға құқылы. Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасының осы бөлімі заңнаманың негізін қалайтын бөлімі болып табылатынын ескеру керек, бұл бөлім залалды өтеу мәселесін қарастыру кезінде, өндірістегі жазатайым оқиға барысында зақымданған қызметкерлердің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз етеді.

Жазатайым оқиғалардың дұрыс, уақтылы тергеп-тексерілуі мен есепке алынуын, сондай-ақ мұндай оқиғаларды туындатқан себептерді жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары өз құзыреттері шегінде тексерулер жүргізу, азаматтардың шағымдарын, арыздары мен өтініштерін қарау және ұйымдарды тексеру арқылы жүзеге асырады.

Қорытындылай келсек, соңғы кезде жұмыс берушілер мен жазатайым оқиға туралы хабарды жасыру оқиғалары анықталған. Осындай фактілер анықталған кезде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексінде тиісті әкімшілік айыппұл салу жауапкершілігі белгіленген.

Құқық бұзушылық кезінде қызметкерлер жазбаша түрде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне жүгінуіне болады.

**Айдын БИБОЛ,**
**Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

